



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

- умение правильно начать беседу;
- умение правильно продолжить беседу;
- умение правильно завершить беседу;
- умение при необходимости прервать беседу;
- умение своевременно делать необходимые добавления в ходе беседы;
- умение точно использовать лингвострановедческие знания в ходе беседы;
- правильное использование лексико-грамматического материала в ходе беседы;
- выполнение коммуникативных задач в ходе ситуативной беседы;
- умение опровергать мнение собеседника в ходе дискуссионного обсуждения;
- умение доказывать свое мнение в ходе дискуссионного обсуждения;
- умение аргументировано убеждать собеседника в ходе дискуссионного обсуждения;
- умение раскрыть заданную тему в письменных сочинениях.

При выведении оценки следует учитывать не только вышеуказанные критерии, но также количество пропущенных учебных часов, своевременность выполнения домашних заданий в полном объеме, активность на занятиях, инициативность и прилежание.

Поурочный дневник успеваемости позволит выявить недостатки в обучении, которые необходимо исправить, увидеть динамику усвоения текущего учебного материала, вывести адекватную оценку по иностранному языку и, в конечном счете, значительно повысить качество обучения, которое обеспечит успешную трудовую деятельность обучаемого после окончания учебного заведения, в том числе и в Китае.

Список использованных источников:

1. Горелов В.И. Грамматика китайского языка. - М., 1973.
2. Горелов В.И. Лексикология китайского языка. - М., 1984.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. - М.: Советская энциклопедия, 1990.
4. Словарь современного китайского языка. - Пекин, 1983.
5. <http://magazeta.com/2013/12/umk/>

ОӘК: 81' 373

ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ «КОНЦЕПТ» ТЕРМИНІ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Кенбай Балжан Мадикызы, Исаев Сержан Іздашұлы

balzhan_ktl@mail.ru, serzhan-isaev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының

2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – филология магистрі, оқытушы С.І.Исаев

Тіл білімі мен оның салалары бірнеше ғасырдан бері құрылымдық тіл білімінің негізінде қарастырылып келді, яғни таза тілдік, тілдің өз ішіндегі қызметтері аясында ғана зерттелінді. Алайда, XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басынан бастап, зерттеуші ғалымдар тілдік құбылыстарды адамның танымы арқылы, ұрпақтан ұрпаққа сақталып келе жатқан ұлттық таным ақпараты арқылы санада қалыптасқан ұғымдардың мән-мазмұнын, қызметін анықтауға арнаған, сол ұғымды тану және таныту барысындағы субъектінің психикалық және когнитивтік қабілеттеріне сүйенетін зерттеулер жүргізіп, соған сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдана бастады.

Осы ғылыми тұжырымдарды дәлелдеу үшін адамның тікелей танымдық ойлау қабілетімен байланыстыра қарастыратын антропоцентристік бағыт аясындағы салалар – *этнолингвистика, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика* және *лингвомәдениеттану* салалары дүниеге келді. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінің мәселелері осы бағыттардың

негізінде зерттеліп, қазақ тілінің құрылымдық қызметінен басқа танымдық қызметтерінің шеңбері кеңейе түсті.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер нәтижесі мен анықтамаларды сараптай келіп, когнитивтік лингвистиканы тіл білімінің антропоэзектік бағытқа сүйенген саласы деп түсінуге болатын сияқты. Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – *концепт*. Қазіргі лингвистикада «*концепт*» термині көптеген пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі.

«Концепт» терминінің теориялық негіздері ресей тіл білімінде Д.С.Лихачев, Н.Д.Арутюнова, В.А.Маслова, Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, В.В.Колесов, А.Я.Гуревич, А.Вежбицкаяның еңбектерінде әр қырынан қарастырылады. Қазақ тіл білімінде концепт мәні, тілдік таңбалардың семантикалық құрылымы, концептілік өріс, концептінің құрылымдық түрлері Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Қ.Жаманбаева, А.Ислам, Г.Сағидолда, Э.Оразалиева, Б.Нұрдәулетова, Г.Снасапова, М.Күштаева, Г.Зайсанбаева, К.Күркебаев, А.Б.Әмірбекова, Ә.Ж.Айтпаева, А.Қ.Сейілхан, С.Жапақов, Б.Ақбердиева, Б.Тілеубердиев, Ш.Ниятова, Ш.Елемесова, Г.Имашева, Ф.Қожахметова т.б. зерттеушілер еңбектерінде әр қырынан зерттеліп келеді.

Ал енді *концепт* дегеніміз не? *Концепт* сөзіне түрлі сөздіктерде қандай анықтама берілген? *Концепт* туралы лингвист-ғалымдардың пікірлері қандай? Сол туралы тоқталып өтсек.

«*Концепт*» терминіне берілген анықтамалар алуан түрлі.

Концепт сөзіне түрлі сөздіктерде мынадай анықтама берілген: Л.Л.Нелюбиннің «Толковый переводоведческий словарь» еңбегінде концепт – ұғым мазмұны; ой, түсінік» делінсе [1.320], «Латын-орыс сөздігінде» 1) байланыс, жиынтық, жүйе; 2) қойма; 3) заң актілерін тұжырымдау; 4) ұрық қабылдау; 5) сөйлем деп жазылған. Логикада концепт «ұғым, түсінік» мәнінде түсініледі. Д.С.Лихачев пен В.В.Колесов еңбектерінде концепт сөз бен олардың мағынасын дәнекерлеуші ретінде беріледі.

Кубрякова Е.С., Демьянкова Е.З., Панкрац Ю.Г., Луцина Л.Г. құрастырған «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінде концепт терминіне мынадай анықтама берілген: «Концепт – біздің санамыздың және адамның білімі мен тәжірибесін білдіретін ақпараттық құрылымның психикалық немесе ментальдық ресурстары бірліктерін түсіндіруге қызмет ететін термин; адам жадының, ментальдық лексиконының, мидың тілі мен концептуалды жүйесінің, адамның психикалық қалпымен сипатталатын әлемнің барлық көрінісінің мазмұндық бірлігі». Осы аталған авторлардың ойынша, ең маңызды концептілер тілде кодталады. Концептуалды жүйені жасау үшін кейбір бастапқы немесе бірінші, яғни кейіннен олардан барлық қалғандары дамып шығатындай концептілердің болатындығын алдын ала болжап алуымыз қажет. Концептілер мағынаны түсіндіруші сияқты кейіннен нақтыланады және модификацияланады.

Тілді логикалық тұрғыдан талдау еңбектерінде қолданбалы лингвистика мен логикада қолданылатын, негізінде, ағылшын және латын тілдеріндегі сөздердің сәйкес мағыналарына сүйенетін халықаралық терминология пайдаланылады. «Үлкен ағылшын – орыс сөздігінде» «*сонсері*» сөзі «ұғым, идея», сонымен қатар «жалпы түсінік» дегенді білдіреді. «Шетел сөздерінің сөздігінде» «*сонсеріум*» сөзінің этимологиясы латынша «ой, түсінік» дегендердің аудармасы ретінде беріледі. Концептіде сөздің мағыналық дамуының барлық мүмкіншіліктері айқындалып жиналады. В.В.Колесов «концептус» сөзіне – «барлық көмескі синкретті белгілерді бір сөздің бойында байланыстырушы ұғым» деген анықтама береді.

Д.С.Лихачевтың анықтауы бойынша, концептілер адамның санасында белгілі бір мағынаға сілтеме ретінде және адамзаттың жалпы тілдік тәжірибесіне поэтикалық, әлеуметтік, прозалық, ғылыми, тарихи т.б. нұсқаушы ретінде туындайды [2.6].

«Концепт – это единица коллективного знания (сознания отправляющая к высшим духовным ценностям), имеющая языковые выражение и отмеченная этнокультурной спецификой» деп С.Г.Воркачев көрсеткендей, бұл тіркес бойында көптеген жылдар бойы халық тәжірибесімен жинақталып, бекіген білім жинағы сақталған [3.48].

Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер адамның ой санасына, ішкі дүниесіне байланысты басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. Аталған сөздердің лексикалық мағыналарын анықтау арқылы қосымша мән-мағынаның ашылуына септігін тигізеді. Бұл дегеніміз бұрынғы түсіндірме ұғымдарды жаңа қырынан бағалауға мүмкіндік туғызады. Бізге белгілі болғандай, концептіде адамның қоршаған дүниені тану барысында қандай да бір ақпаратты ұғынуы мен қалыптастыруы, жинақталған тәжірибесінің ішкі таным дүниесі көрініс табады.

В.А.Маслова концепт туралы былай деп жазады: «Қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде концептіні түсіну үшін жалпы ережеге негізделген үш негізгі әдісті белгілеуге болады: *концепт* дегеніміз – ұғым мазмұны, мағына синонимі. *Бірінші әдіс* (оның өкілі – Ю.С.Степанов) концептіні қарастыруда мәдениеттану аспектісіне көп көңіл бөледі, мұндағы барлық мәдени концептілер жиынтығы олардың арасындағы байланыстар ретінде ұғынылады. Сонымен, концепт дегеніміз – бұл адамның ментальдік дүниесіндегі мәдениеттің негізгі ұясы» [4.48].

В.И.Карасик, Г.Г.Слышкин концептіге «ұғымдық-құндылықтық белгілер және образдық, мінез-құлықтық бөліктер негізінде қалыптасатын менталды (ақыл-ой) білім (түсінік)» ретінде анықтама береді. Осы көзқарасқа сай, концептінің мынадай белгілерін бөліп көрсетуге болады:

- концептінің түсіндірме сөздіктерде көрсетілген анықтамасын сараптау негізінде көрінетін *ұғымдық-мазмұндық белгілер*. Олардың жиынтығы лингвомәдени концептіні анықтамаға қажетті мазмұндық минимумды білдіреді.

- концепт номинантының (үйлесімдік) лексикалық тіркесімін зерттеу кезінде, тура және ауыспалы мағыналарды салыстыру кезінде, және метафоралар мен фразеологизмдерді талдау нәтижесінде көрініс табатын *ассоциативті-образды белгілер*.

- концептінің шеткі құрылымын құрайтын *құндылықты және мінез-құлықтық белгілер*.

Концептке қатысты алғашқы еңбектерде ол адамның мәдени, рухани танымын білдіруде маңызды рөл атқарған. А.В.Вежбицкая концепт идеалды дүниенің объектісі, ол субъектінің дүние туралы танымынан көрінеді дейді. Ғалым: «Языковая концептуализация различна в разных культурах ... Язык отражает происходящее в сознании, а не в мозгу, наше же сознание формируется, в частности, и под воздействием окружающей нас культуры. Концептуальные универсалии действительно существуют, но я думаю, что они могут быть обнаружены только путем концептуального анализа, основанного на данных многих языков мира ...», - деп жазса [5.239], М.В.Никитин концептіні «таңба арқылы танылған ұғым» дейді [6].

Ислам Айбарша былай дейді: «*Концепт* дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым»[7.15]. Концептінің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Концепт тілдік термин ретінде әр түрлі аспектіде зерттеледі.

М.Т.Күштаеваның «*Тары*» *концептісінің* семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны» деген тақырыпта жазылған жұмысы да танымдық зерделеудің тағы бір өзгеше қырын дәйектеп көрсетуге арналған немесе, автордың сөзімен айтқанда, зерттеу мақсатын «егіншілік мәдениетінің ежелден келе жатқан дәстүрлі шаруашылық екенін салыстырмалы тілдік деректер, лингвомәдени бірліктер арқылы айқындау» [8.5] құрды.

Келесі когнитивтік бағытта дайындалған жұмыстардың бірі – А.Б.Әмірбекованың «*Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша)*» атты диссертациясы. Зерттеуші қазақ тілінің танымдық үрдісін айқындау мақсатында *концептілік құрылымдарға* талдау жасаған, ол үшін негізгі тілдік материал ретінде поэтикалық мәтіндер алынған, өйткені тілші олардың «индивидуалды-

авторлық, психо-ментальді, мәдени, бейнелі құндылықтарын» жоғары бағалай келе, «метафизикалық концептілердің» мән-мағынасын жан-жақты зерделеуге тырысқан. Сөйтіп, ең алдымен, когнитивті ұғымдардың ара-жігін ашу негізінде «концепт» пен «ұғым» терминдерінің ішкі формалық бірлігіне қарамай анықталатын ерекшеліктеріне назар аударды. Соның арқасында ұғымды «танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы» деп сипаттаса; концепт сөзінің астарында «ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы» жатыр деп тұжырымдады, сондықтан ізденуші «концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды...тани аламыз» [9.8] деген қортындыға келді. Көздеген мақсатқа жету үшін автор «көркемдік сана», «когнитивтік модель», «ментальді модель», «ассоциация», «бейне», «фрейм», «ойсурет», «схема», «сценарий», «скрипт» сынды ұғымдарды қолдана отырып, поэтикалық мәтіннің танымдық мүмкіндігін көркем де бейнелі түсініктемелер арқылы саралады. Оған дәлел ретінде «когнитивтік стиль» тіркесінің мағыналық өрісіне зер салған орынды. «Когнитивтік стиль – тұлғаның ұғымды танытудағы когнитивтік ортасын, санадағы аффективті, эмоционалды адаптацияланған ментальді әрекеттерін танытады» [9.26],- дей келе, А.Б.Әмірбекова ақын М.Мақатаевтың танымдық болмысын «өмір» концепциясының талдану өзгешелігімен айқындады. Нәтижесінде тілші «поэтикалық мәтіндегі концептілік құрылымдардың көрінісі арқылы ақынның концепт таныту әдіс-тәсілдерін, когнитивтік модель құру жолдарын, дүние бейнесін тудыру шеберлігін, тұлғалық стилін, аялық білімін танытуға болатынына» [9.30] көз жеткізді.

Концепт өз алдына құрылымнан тұрады, өйткені ұғым санада әр түрлі ірі кіші бөлшектер арқылы шоғырланады. Концептілік құрылым мына түрлерден тұрады: 1) Қарапайым форма (фрейм); 2) Күрделі форма (скрипт); 3) Оқиғалы форма (сценарий); 4) Сызбалы форма (схема); 5) Бейнелі форма (ой сурет). А.Б.Әмірбекова М.Мақатаев поэтикасындағы кәрілік, жастық, ұрпақ, бақыт, жалғыздық, өмір, өлім, тағдыр, күз, көктем т.т. концептілердің құрылымын, когнитивтік стилін зерттейді. Ф.Қожахметова ақын Т.Ізтілеуовтың шығармаларынан мынадай концептілік жүйені анықтайды: өмір, өлім, оқу-ғылым, адамгершілік, сұлулық, қайғы, қуаныш, өкініш, татулық, бірлік, бақыт, кедейлік, байлық, кәрілік, жастық, батырлық – ерлік, туыстық, надандық, соғыс т.т.

М.Мақатаев шығармашылығының концептілік құрылымын арнайы зерттеген А.Б.Әмірбекова концептілерді былай топтастырады:

1) *Лингвомәдениеттанымдық аспектіде концепт* – ақиқат дүниенің санадағы мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады [Н.Д.Арутюнова, А.М.Мороховский, Д.С.Лихачев т.б.].

2) *Психолингвистикалық аспектіде концепт* – ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады [Р.И.Павиленис, Дж.Келли, Дж.Каган].

3) *Лингвокогнитивтік аспектіде концепт* – ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып, тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрінісі. Ол, сондай-ақ, концептілерді санада танылу деңгейіне, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай метафизикалық, ұлттық – мәдени, эмоционалды деп үшке жіктейді: «Ұлттық – мәдени концептілер тек ұлттық танымда ғана жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер (дала, көш, домбыра, қамшы, тары) .

Концепт – тілдік ескерткіш болып табылады. Осы орайда «концепт тұрақтылықты сақтай ала ма немесе уақыт ағымына орай өзгеріске түсе ме?» деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа бір жақты жауап беруге болмайды, бір жағынан концепт өзгермейді, ол сөздің тұтас мағынасын сақтайды, екінші жағынан концепт адам тәжірибесін бейнелей отырып толығуға, өзгеруге бейім, сондай-ақ беретін ұғымның толыққанды, жан-жақты тереңділігімен ерекшеленеді. Бұл арада концепт бұрынғы мағыналар мен жаңа мағыналарды біріктіріп ұстайды, онда сөз семантикасындағы болатын өзгерістер «программаланған».

Сондықтан концепт сөздерді меңгере отырып, тұрақты болып қалады, сонымен қоса концепт әр кезде біздің алдымызда жаңа бір кейпінде көріне алады, осылайша *концепт ғаламның тілдік бейнесін* ұғынуға мүмкіндік береді.

Сонымен концепт когнитивті лингвистика ғылымының бір категориясы, тіл мен таным бірлестігі арқылы дүниені жан-жақты тануға, сонымен қатар ұлттық-танымдық мәдениетті өз ішінен ұғынуға ықпал ететін тілдік бірлік. Демек, мұндай лексемалар бойындағы жаңа мағыналарының өмірге келу тіркестерін танып білудің негізінде ұлт пен мәдениет жөнінде көптеген танымдық ақпараттар алынады. Концептілік мәнге ие доминантты талдау арқылы ақиқат дүниенің тілдік бейнесін тануға, ұлттық-танымдық мәдениеттің қалыптасу жолын, оны бүгінгі тұрмыстағы хал-ахуалы жайлы аялық білімдегі жинақталған ақпаратпен танысуға болады.

Қорыта келгенде, концептіге берілген біртұтас анықтаманың болмауы оның *көп өлшемді құрылым* болып табылатынымен байланысты. Себебі, концептіге ұғымдық негізбен бірге тілді тұтынушы арқылы ой елегінен өткізіліп қана қоймай, сонымен қатар түрлі мәдениетке қатысты дүниетанымдар, эмоциялар, бағалар, ұлттық бейнелер, түрлі коннотациялар енеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь. М., Флинта: Наука, 2003. – Б.320.
2. Лихачев Д.С. Культура как целостная динамическая система // Вестник РАН, 1994 №8
3. Воркачев С.Г. Концепт счастья: понятийный и образный компоненты // «Известия», 2001, Б. 48
4. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Минск. 2004. - Б.225
5. Вежицкая А. Язык. Культура. Познание. М., Русские словари, 1996. Б.416.
6. Никитин М.В. Лексическое значение в слове и словосочитании. Владимир, ВПИ, 1974, Б.224.
7. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол.ғыл.докт.дисс.автореф – Алматы, 2004. – Б.47
8. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Филол.ғыл.канд.дисс. –Алматы, 2002. – Б.190
9. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – Б. 125

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА ВЫРАЖЕНИЯ ЯЗЫКОВОГО ТАКТА (НА ПРИМЕРЕ АНГЛИЙСКОГО И РУССКОГО ЯЗЫКОВ)

Коновалова Екатерина Павловна

konovalova123ekaterina@mail.ru

Студент Института международных отношений, истории и востоковедения

Казанского (Приволжского) Федерального Университета

Научный руководитель – Л.Р. Закирова

Данная статья посвящена изучению языкового такта в лингвистическом аспекте. Термин «языковой такт» (*linguistic tact*) впервые предложен российским лингвистом С.Г. Тер-Минасовой, однако не вошел в прочное употребление, так как к тому времени термин «политическая корректность» (от англ. *political correctness*, также *политкорректность*) успел получить мощное развитие в культуре не только породившей его страны, занять привычное и устойчивое положение в заимствовавших его языках. Термином «языковой такт» заменяется понятие *политической корректности*. В то же время